

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті.  
Тарих факультеті.  
Тарих және дінтану кафедрасы**



**Тақырыбы: XXI ғғ. Англия ,Франция және Италия елдеріндегі музейлер.**

**Дайындаған : Байқұлова Айгерім**

Британ музейі — Лондонда орналасқан әлемдегі ірі музейлердің бірі. 1753 жылы негізі қаланған. Мұражай ғимараты 1823 — 47 жылдары салынды, сәулетшісі — Р. Смерк. Музейде алғашқы қауымдық өнер ескерткіштері (негізінен, Британ аралдарындағы, Ежелгі Мысыр Месопотамия (оның ішінде көне Ура қаласының Розеттасы, ассириялық бедерлі суреттер, т.б. бар), Ежелгі Грекия мен Көне Рим (Парфенонның және Галикарнас музейінің мүсіндері, құмыралар мен тастар) Еуропа, Азия, Африка елдері мен халықтарының өнер және мәдениет ескерткіштері, гравюра, сурет, металл ақша, медальдердің бай қоры бар. Британ музейінің кітапханасында 7 млн-нан астам кітаптар, 105 мыңдай қолжазбалар, соның ішінде ежелгі [Мысыр папирустары](#) сақтаулы.







# Ежелгі Грекия мен Ежелгі Рим туындалары



**Британдық Кітапхана - 1973 жылы 1 маусымда құрылған Ұлыбританияның ұлттық кітапханасы болып табылады. Кітапхана Лондонда орналасқан және әлемнің ең үлкен кітапханалары қатарында. Онда әлемнің ең танымал тілдеріндегі 150 миллионнан астам құнды ақпарат, кітаптар, газеттер, видеоақпараттар, әуенді жазбалар, карталар, суреттер жинақталған. Оған қоса 25 миллионға жуық сирек кездесетін қолжазба мен кітаптардың жинақтары бар. Аталған қолжазбалар б.з.д. 300 жылдардан хабар береді. Көлемі жөнінен әлемде АҚШ-тағы кітапханадан кейінгі екінші орында тұр**



Ватикан мұражайы – әлемдегі ең үлкен мұражайлардың кешені. Мұражайда 1400 зал бар және онда қойылған 50000 затты көріп шығу үшін 7 км жерді жүріп өту керек екен.







**Әлемнің ең таңдаулы әрі ең үлкен көркем сурет және мүсін мұражайы Флоренцияның Уффици алаңында орын тепкен. Мұражайдың суреттер коллекциясы Джотто, Симона Мартини, Леонардо да Винчи, Рафаэлия, Микеланджело және Караваджо сынды әлем мойындаған тұлғалардың туындыларымен толықтырылған. Сондай-ақ, Дюрер, Рембрандт және Рубенс секілді неміс, голланд шеберлерінің жұмыстары қойылған.**



Лувр – қайталанбас өнер туындыларын тамашалу үшін халық ең көп жиналатын Францияның ұлттық мұражайы. Сонымен қатар Лувр Еуропадағы ең тұңғыш мұражай болып табылады. Луврдың негізі ғимараты XII ғасырда тұрғызылған Франция королі II Августтың қамалы болып табылады. Ал мұражайдың ашылуы Француз революциясы етек алған тұсқа, яғни 1793 жылмен тұспа-тұс келеді. Луврдың ең танымал құндылықтары ретінде – Леонардо да Винчидің Мона Лизасын, көнегректік Венера Милосская мен Ника Самофракийская мүсіндерін атап өтуге болады

